

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

ШАҒЫН ТАЛАПТАР СОТЫНДА

2025 жылғы 18 шілде

№ AIFC-C/SCC/2025/0023 ic

АЛЕКСАНДР БЕРДЮГИН МЫРЗА

Талап қоюшы

қарсы

«WHITE ROCK Ltd.» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Лорд Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қанағаттандырылады.
2. Жауапкер осы Бұйрық шығарылған күннен бастап 21 күн ішінде Талап қоюшыға 1 934 040 теңге сома төлеуге міндетті.
3. Сот шығындары туралы Бұйрық шығарылмайды.

ШЕШІМ

1. Осы талап арызбен Талап қоюшы мен Жауапкер арасындағы еңбек шарты бойынша тиесілі болған, бірақ төленбеген жалақы мен зейнетақы төлемдері үшін залалды өтеуді талап етеді.
2. 2021 жылғы 1 қарашада шартқа (№ 1/2021 еңбек шарты) қол қойылды. Талап қоюшы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі хатымен жұмыстан шығу туралы өтініш беріп, оның күшіне ену күнін 2024 жылғы 1 қазан деп белгіледі.
3. Жауапкер АХҚО-да тіркелген компания болып табылады, сол себепті АХҚО Еңбек Регламентінің қолданылу аясына жатады, осыған байланысты аталған дау АХҚО Сотының юрисдикциясына жатады: аталған Регламенттің 4-тармағын қараңыз.
4. Талап қоюшы өзіне төленбеген жалақы бойынша 1 883 534 теңге және төленбеген міндетті зейнетақы жарналары бойынша 50 506 теңгеге тиесілі деп мәлімдейді. Талап қоюшы талаптың екі бөлігін де негіздеу үшін құжаттық дәлелдемелер ұсынды: төленбеген жалақыны көрсететін төлем тізімдемелерін және төленбеген зейнетақы жарналарына қатысты БЖЗҚ-дағы шот қалдығы мен операциялар туралы үзінді көшірмені.
5. Жауапкер Соттың юрисдикциясына қарсы болмады. Ол шарттың бар екенін және оның жарамдылығын, сондай-ақ Талап қоюшының жұмыстан шығуы күшіне енген күнді жоққа шығармайды. Өзінің қарсылығында Жауапкер *«талаптармен ішінара келіспейтінін, атап айтқанда жалақы бойынша берешектің мөлшеріне дау айтатынын»* көрсетеді. Бұдан әрі ол *«Талап қоюшы Сотқа ұсынған жалақы бойынша берешекті есептеу сенімді деректерге негізделмеген деп есептеледі және ол келісілген ерекше талаптарды көрсетпейтіндіктен әрі оған Компания қол қоймағандықтан, оны Сот жол берілетін дәлелдеме ретінде қабылдай алмайды»* деп мәлімдейді. Осылайша, Жауапкер, шамасы, төленбеген сомалар бойынша Талап қоюшы алдында белгілі бір жауапкершілік жүгін мойындайды, алайда берешектің мөлшеріне дау айтады. Дегенмен ол балама соманы ұсынбайды, ал ондай соманы растайтын қандай да бір дәлелдеме келтіру туралы айтудың өзі артық.
6. Сот Талапкер ұсынған құжаттық дәлелдемелерді сенімді деп санайды. Төлем тізімдемелерінде де, БЖЗҚ-ға берілген өтініште де олардың түпнұсқа емес екенін көрсететін ешнәрсе жоқ. Жауапкер олардың *prima facie* (бастапқы шынайлығы) сенімділігін теріске шығаратын ешқандай дәлелдеме ұсынбады және Талап қоюшының дәлелдемелерін сот отырысында тексеруге ұмтылмады.
7. Сондықтан Сот Талап қоюшы дәлелдеу ауыртпалығын төленбеген жалақыға да, төленбеген зейнетақы жарналарына да қатысты орындады деп таниды. Тиісінше, талап қанағаттандырылады.
8. Талап арызда сот шығындарын өндіру туралы бұйрық шығару сұралады, алайда Сот АХҚО Соты Ережелерінің 26.9(2)-тармағына сәйкес мұндай бұйрықты негіздейтіндей дәрежеде



Жауапкердің әрекеті негізсіз болды деп есептемейді. Осы іс бойынша қолданылатын сот алымдары болған жоқ, сондықтан 26.9(1)-тармақ қолданылмайды.

Сот қабылдады,

Лорд Баннер КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшының атынан «Justice League» заң консультанттары палатасының заң кеңесшісі Айгерім Қалибекова ханым өкілдік етті.

Жауапкердің атынан «WHITE ROCK Ltd.» жеке компаниясының директоры Малик Есенбаев мырза өкілдік етті.